

## Прокуратура органдарына көлік қызметін көрсету үшін арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 124 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 тамызда № 14138 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 187 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 20.09.2022 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына, "Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.10.2019 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған прокуратура органдарына көлік қызметін көрсету үшін арнайы көлік құралдарының заттай нормалары бекітілсін.

2. Бекітілген нормаларды іске асыру республикалық бюджетте ағымдағы қаржылық жылға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қаржы, ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары И.Д. Меркельге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры

Ж. Асанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрінің  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Р. Дәленов

22 шілде 2016 ж

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2016 жылғы 14 шілдедегі  
№ 124 бұйрығымен бекітілген

### Прокуратура органдарына көлік қызметін көрсету үшін арнайы көлік құралдарының заттай нормалары

№ р/с	Арнайы көлік құралдарын пайдалануға құқығы бар құрылымдық бөлімшенің атауы	Заттай нормалардың атауы		Жүріс лимиті 1 а/м айына (км)
		Жеңіл автокөліктер базасында	жүк автокөліктері мен жолаушылар автобустары шанағында	
1	2	3	4	5
<i>Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы</i>				
1	Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Аппараты	Бөлімшенің 9 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
2	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бөлімшесі	Бөлімшенің 15 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
3	Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалау бөлімшесі	Бөлімшенің 10 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
4	Жедел-ізвестіру қызметінің		-	2600

	заңдылығын қадағалау бөлімшесі	Бөлімшенің 6 бірлік штаттық санына бір көлік құралы		
5	Соттарда мемлекет мүддесіне өкілдік ету бөлімшесі	Бөлімшенің 15 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
6	Кадр жұмысы бөлімшесі	Бөлімшенің 10 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
7	Арнайы прокурорлар бөлімшесі	Бөлімшенің 6 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
8	Ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазаны өтеуші адамдардың құқықтарының сақталуын қадағалау бөлімшесі	Бөлімшенің 6 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
9	Халықаралық ынтымақтастық бөлімшесі	Бөлімшенің 10 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
10	Ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімшесі	Бөлімшенің 6 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
11	Қылмыстық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалау және мемлекет мүддесіне өкілдік ету бөлімшесі	Бөлімшенің 15 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
12	Өтініштерді қарау туралы заңдардың қолданылуын қадағалау және іс жүргізу бөлімшесі	Бөлімшенің 8 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
13	Нормашығармашылық қызмет саласыдағы қадағалау бөлімшесі	Бір көлік құралы	-	2600
14	Мемлекеттік құпиялар туралы заңдарды қадағалау және құпиялылық режимін	Бір көлік құралы		2600

	қамтамасыз ету бөлімшесі		-	
15	Ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімшесі	Бір көлік құралы	-	2600
16	Ішкі аудит бөлімшесі	Бір көлік құралы	-	2600
17	Материалдық-техникалық қамсыздандыру басқармасы	Бір көлік құралы	Орта немесе шағын класты алты жолаушы автобусы; үш аз тонналы жүк автокөлігі	2600
18	Шаруашылық басқармасы	Бір көлік құралы	Орта немесе шағын класты бір жолаушы автобусы, бір аз тонналы жүк автокөлігі	2600
19	Бас прокуратураның Алматы қаласындағы өкілдігі	Бір көлік құралы	-	2600
20	Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет	Бір көлік құралы	Бір аз тонналы жүк автокөлігі	2000
21	Құқық қорғау органдары академиясы	35 бірлік штаттық санға бір көлік құралы	Орта немесе шағын класты екі жолаушы автобусы; екі аз тонналы жүк автокөлігі	2000
<i>Облыстық прокуратуралар мен оларға теңестірілген прокуратуралар</i>				
22	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бөлімшесі	Бөлімшенің 8 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
23	Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалау бөлімшесі	Бөлімшенің 8 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
24	Жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын қадағалау бөлімшесі	Бөлімшенің 5 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
25	Соттарда мемлекет мүддесіне өкілдік ету бөлімшесі	Бөлімшенің 8 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
		Тергеу топтарының басшыларына		

26	Арнайы прокурорлар бөлімшесі	арналған бір көлік құралы	-	2600
27	Ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімшесі	Бөлімшенің 8 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	Орта немесе шағын класты бір жолаушы автобустары	2600
28	Қылмыстық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалау және мемлекет мүддесіне өкілдік ету бөлімшесі	Бөлімшенің 8 бірлік штаттық санына бір көлік құралы	-	2600
29	Ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімшесі	Бір көлік құралы	-	2600
30	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің бөлімшелері	Бір көлік құралы	-	2000
<i>Аудандардың (қалалардың, прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар</i>				
31	Аудандардың (қалалардың) прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар	Қызметкерлер саны 35-тен жоғары болған жағдайда бір көлік құралы	-	2600
32	Мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы	"Река-Море" класты бір кеме	-	-